

"Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 шілдедегі N 858 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының тұрақты жұмыс істеуін және болашақта дамуын, сондай-ақ инвестицияларды тартуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір апта мерзімде "Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін оның акциялары жалпы пакетінің 60 (алпыс) проценті мөлшерінде "Ривер Интернэшнл С.А." басқарушы фирмасына (Швейцария) сату үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін оның акциялары жалпы пакетінің 60 (алпыс) проценті мөлшерінде "Ривер Интернэшнл С.А." басқарушы фирмасына (Швейцария) белгіленген заңмен тікелей атаулы сатуды жүзеге асырсын.

3. "Ривер Интернэшнл С.А." фирмасы игеріліп біткен кен орындарын (объектілерді) рекультивация жүргізу және жоюға байланысты "Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының оның басқарулыуна берілген сәттен бастап туындаған көлемдегі табигат қорғау шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге жауапкершілікте болады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі екі ай мерзімде қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін міндетті төлемдер мөлшерін, сондай-ақ "Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік басқаруына бергенге дейін туындаған, игеліріліп біткен кен орындарын (объектілерді) рекультивация жүргізу және жою жөніндегі жұмыстардың көлемі мен шығындарды анықтасын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Ривер Интернэшнл С.А." фирмасына "Түркістан Тау Темір жолы" акционерлік қоғамы мемлекеттік акциялар пакетіне оның жарғылық қорының 39 проценті мөлшерінде иелік ету, пайдалану және басқару құқығын берсін;

"Ривер Интернэшнл С.А." фирмасымен "Аңысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын басқару құқығына бұған дейін жасалған контрактіге тиісті өзгертулер енгізілсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК